ӘОЖ 811.512.122 (045)

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КИНЕСИКАЛЫҚ АМАЛДАРДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ӨРІСІ

Жылқыбаева М.С.

В статье говорится об употреблении кинесических компонентов коммуникации в произведениях А.Кекилбаева. Их семантическое поле делятся на кинесических синонимов, антонимов и омонимов.

This article deals with the use of kinethic ways and means of communication in A.Kekilbajev´s works. The semantic field comprises into the kinethic synonyms, antonyms and homonyms.

Кинесика термині грек тілінен алғанда, kinësis – қозғалыс дегенді білдіреді. Ол - адамдардың қарым-қатынасында қолданылатын барлық дене қимылдарының жиынтығын (сөйлеу аппаратынан басқа) зерттейтін ғылым.

Оған сөйлеу кезіндегі ым-ишарат, адамның бет құбылыстары (мимика), дене мүшелерінің қозғалыстары жатады. Сөйлеу тілінің нақты сипаттамасы лексика, грамматика, просодика салаларындағы ерекшеліктерді анықтаумен шектелмейді, өйткені тілдік қатынасты жүзеге асырудағы айтылмақ ойдың мағынасы көп жағдайда адамдардың қимыл-қозғалысына да байланысты болады.

Кинесикалық амалдар ауызекі қарым-қатынас кезінде ғана емес, жазба әдебиетте де молынан ұшырайды. Әсіресе, диалогы аз, көбіне автор баяндауларынан тұратын шығармаларда көп кездеседі. Кейіпкерді аз сөйлетіп, көп нәрсе ұқтыратын Ә.Кекілбаев сынды ерекше талант иесін таңдап алуымыз да сондықтан. Жазушы шығармаларындағы кинесикалық амалдардың мағыналық өрісін төмендегіше топтастырып зерделеуге болады:

*1. Кинесикалық синонимдер***.** Синонимдердің тілдің байлығын, оның шексіз оралымдылығы мен даму деңгейінің көрсеткіші деп бекер айтылмаған. Тіл ғылымында синонимге анықтама беруде әртүрлі мазмұнды пікір бар. Ә.Болғанбаев: «Синоним дегеніміз - әр түрлі айтылғанмен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән не мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз табынан болған сөздер», - десе [1.23], І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев: «Синоним дегеніміз -мағынасы жақын болғандықтан, белгілі бір контексте бірін-бірі алмастыруға жарайтын сөздер», - деп тұжырымдайды [2.68]. Синонимдер - әр жазушының көркемдік құралы.

К.У.Геворкян ишаралар арқылы бірдей, я бір-біріне жақын ұғымдарды өзара синонимдік қатар құрайтын екі немесе бірнеше кинемалар арқылы беруге болатынын айтады [3.201].

Мұндай пікірлердің растығына Ә.Кекілбаев шығармаларын талдау арқылы көз жеткізуге болады. Жазушы кинесикалық синонимдерді талғап, орнымен ебін тауып, лайықтап жымдастырып жұмсай білген. Бір кинеманы шығармада қайталап қолдана беру, айтар ойдың өңін қашырып, жұтаң тарттырады. Жазушы шығармаларының тілдік күшін, ой қуатын осы кинесикалық синонимдер арқылы көруге болады.

Адам баласына қуаныш, қорқу, ашу, табалау, уайымдау, өкіну, қайғыру, сасқалақтау сияқты эмоциялар тән. Мұндай эмоциялардың барлығы адамның бет әлпетінен, қимыл-қозғалысынан, ишарасынан, дене қалыбынан білінеді.

Ә.Кекілбаев шығармаларында кездесетін адамның *қуанған* кезіне сәйкес кинесикалық амалдардың синонимдік қатары мынадай:

1)бөркін аспанға ату;

2) санын шапалақтау;

3) езуіне күлкі жүгіру;

4) екі езулері екі құлақтарына жету;

5) алақанын шапақтау;

6) атып тұру.

1)«Дүмпуімізге шыдай алмады. Аузымызды ашқанымызша қолымызға ұстата салды», –деп *бөріктерін аспанға атып лепіріп барар* [3-том,330-б]. 2)*Сандарын соғып***,** беттерін шымшып мәз-мейрам боп жатқандарды өз көзімен көрер ме еді... [3-том,181-б]. *3) Езуіне күлкі жүгіріп*, өзінен-өзі жымиып қояды [3-том,321-б]. *4)*Көшпенді сонысына да *екі езулері екі құлақтарына жетіп мәз болып* еліне қайтады [3-том,273-б]. *5)* –Ақ түйенің қарны жарылды! Ақ түйенің қарны жарылды! – деп *алақанын шапақтап отыр екен* [4-том,101-б]. 6) Қуанып кеткен Құлмағанбет *орнынан атып тұрып* әлгі жігіттің артынан ерді [3-том,30-б]. Бұл амалдардың мағыналық реңкі әр түрлі болғанымен, олардың жалпы мағынасы өзара мәндес, сәйкес болып келеді. Қуанған сәтте адам баласы эмоцияға беріліп, әр түрлі кинемаларды қолданады. Мысалы, қолын шапалақтау, санын шапалақтау, бөркін аспанға ату, секіру, тіпті қатты қуанғаннан жылап жіберетін немесе сүйіп алатын жағдаяттар да кездеседі: Бәрі келген бетте мұның *маңдайынан сүйіп, мәз мейрам* болып дуылдасып жатыр [3-том,114-б].

Ә.Кекілбаев шығармаларынан *ашулану* эмоциясына байланысты кинесикалық синонимдер қатарын да кездестіруге болады. Ашулану психологиялық процесс ретінде ең алдымен адамның бет-пішінінен аңғарылады. Ашуланғанда адам ернін қатты қысып, тілін тістеп, қасын керіп, қабағын түйеді. Жазушы шығармаларында бұл амалдар мынадай көрініс тапқан: 1) қабағын шыту;

2) ернін жымқыра тістеу;

3) көзін жалт еткізу;

4) жалт бұрылып, ызғар шаша қарау;

5) тісін қайрау.

1) Хан *қабағын шытынды*. Онысы: «Әңгімесін бұзбай тыныш отыр!» дегені болса керек [3-том,212-б]. 2) Бірақ мұның қиырдан шалып отыратын қырағы көзі қызметші әйелдің *жұқа ернін жымқыра тістеп алғанынан* басқа, жүзінен не жүріс-тұрысынан ешқандай қысылған-қымтырылған мінез байқамады [3-том,16-б]. Мамай қызыл *көзін жалт еткізіп,* Әбілқайырға қарады [«Үркер»,217-б].4) Екі қапталынан екі нөкер жігіт емпеңдеп жетіп қалған екен, ол *көзінен ызғар шаша, оқыс жалт бұрылды* да, бойын тіктеп ала қойды [3-том,156-б]... қазір «қап, бәлем» деп *тісін қайратқан* тымырсық ызаға тұншықтырып, қайдағы бір ащы ойлардың азабына салады [3-том, 363-б].

Қорқу, шошу эмоциясы мынадай синонимдік қатар құрайды:

1) көзі атыздай болу;

2) құлағын басып, көзін жұму;
3) қалш-қалш ету;
4) көзі шарасынан шығу.
1) Қасапшының *көзі атыздай болды* [3-том,218-б]. 2) Мыңдаған құлынды қатар бауыздағандай әжептарқы дауыс төбе құйқасын шымырлатты. *Құлағын басып, көзін жұмып алды* [3-том, 216-б]. 3)Сұрыптаушылар *қалш-қалш етіп қаралай зәре-құттары* қалмай тұрған әйелдің қасына келді [3-том,275-б]. 4) Бұл алақтап әйелге қарады. Оның да *көзі шарасынан шығып кетіпті* [3-том,233-б].
Таңырқау эмоциясы төмендегідей кинесикалық амалдар арқылы берілген**:**

1) көзі шарасынан шығу;
2) аузын ашу;
3) басын шайқау;
4) таңдайын қағу;
5) жағасын ұстау.

1) Әуелі *көзі шарасынан шыға таңырқады,* артынан миығынан күлді [3-том,260-б]. 2) Бұл жолы бәрі *ауыздарын ашып қапты* [39-б).3) Әбілқайыр аң-таң боп *басын шайқап...* [3-том,248-б]. 3) *Бастарын шайқап, таңдайларын қағады* [3-том,217-б]. 4) Әуелі таңсық құмар қазақтар өзенге жылқы жауып келе жатып, ...қаба сақал бейтаныс адамдарды көріп, олардың әрбір қимылына *айран-асыр қалып, таңдай қағысумен болды* [3-том,370-б]. 5) Олардың әңгімесін тыңдап отырып жұрт *жағаларын ұстасты* [*3*-том,285-*б*].

Жоғарыдағы мысалдардан адамның таңдану эмоциясына байланысты кинесикалық амалдардың синонимдік қатарын көруге болады. Жағасын ұстау кинемасы Ә.Кекілбаев шығармаларында қандай да бір жаны түршігерлік сұмдықты, сорақылықты естіген жағдайда қолданылатын амалдардың бірі. Тілімізде жиі қолданылатын «жағасын ұстады» деген тұрақты тіркестің этимологиясы осы вербалды амалдан шыққан. Міне, осындай кинесикалық синонимдерді ұтымды да орынды пайдаланудан Ә.Кекілбаев шығармаларындағы кейіпкерлердің өзіндік характерлері, көңіл-күйі, жан дүриесі мен бір-біріне деген қарым-қатынасы ашылған.

Баяншының айтқанымен келіспейтін жағдайда Ә.Кекілбаев кейіпкерлері бас шайқау немесе қол сермеу сияқты кинемаларды қолданады. Бұл кинемалар да өзара синонимдес болып келеді. Бас шайқау кинемасы вербалды «жоқ» сөзінің орнына жүреді.

Тілімізде синонимдердің ойды әсерлеп, күшейтіп жеткізуде атқаратын қызметі қандай зор болса, Ә.Кекілбаев шығармаларында кинесикалық синонимдердің қолдану жолдары да сан алуан. Кинесикалық синонимдерді таңдап, талғап ең қажеттісін керекті жерінде қолдану қаламгер шеберлігіне тән.

*2. Кинесикалық омонимдер***.** Қазақ тілінде сөздің құрамы жағынан лексика-семантикалық сөздер тобының басты саласының бірі - омонимдер. Лингвистикалық әдебиеттерде омонимия мәселесіне байланысты көптеген еңбектерді кездестіруге болады. Қазақ тіл білімінде омонимдер біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ ұғымы әр басқа сөздер тобын білдіретіні мәлім. Паралингвистика саласында кинесикалық омонимдердің атқару қызметі де осы тектес, яғни бұл категорияға жасалу қалпы бірдей, бірақ беретін ұғымы әр түрлі амалдар жатады.

Омонимдер - өзара мағыналық қатынасы жағынан синонимдерге қарама-қарсы құбылыс. Егер синонимдер өзара мағыналас, мәндес бола тұрып сыртқы тұлғасы әр түрлі болса, омонимдердің сырт формасы бірдей болғанымен, ішкі мағына мәндерінде елеулі айырмашылықтар болады.

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы кинесикалық амалдардың аясы кең. Сонымен бірге олардың шығарма көркемдігін арттырудағы қызметінің салмақтылығы да, жазушы стиліне ерекше сипат береді.

Жазушы шығармаларында бас шайқау кинемасының әр түрлі мағынада қолданылуы жиі кездеседі. Осы кинеманың омонимдік қатарын тізіп көрейік.

бас шайқау I кекету

Қылжақпас Цапаев тұттыға сөйлеп жатқан оқа шекпенді қазақ пен не болғанына түсіне алмай, ауыздарын ашып қалған серіктеріне *басын шайқап*, мұртынан күлді [4-том,12-б]

бас шайқау II «жоқ» деген мағынада

-Иван Кириллович, мені Остерман шақыртады дейді. Неге екенін құлағыңыз шалмады ма?

Кириллов *басын шайқады* [4-том, 16-б].

бас шайқау III таңғалу

Әбілқайыр *аң-таң боп басын шайқап***,** ақ боз үйдің ту сыртына барып:

-Хабарласқандай кім бар? –деп дауыстады.

бас шайқау IY сүйсіну

Аң серкесінің мынау қапия қазасына өкінгені екені де, әлде құралайды көзден тигізетін өз өнеріне сүйсінгені екені де белгісіз, -Әбілқайыр *басын бір шайқап қойды* [3-том,258-б].

бас шайқау Y өкіну

Бірақ қолда жоқ дәрменнің жолында азғантай боса да емексітіп, жүрек жылытып жүрген әлсіз үмітті біржолата қиғысы келмеді. *Басын бір шайқап*, атына қамшы басты [3-том,412-б].

Бұл мысалдардан Ә.Кекілбаевтың *бас шайқау* кинемасын тек «мақұлдамау, келіспеу, құптамау» ситуациясында ғана емес, сонымен қатар таңғалу, кекету, өкіну, сүйсіну т.б. жағдайларда шебер қолданғанын көруге болады. Бас соматизіміне байланысты *бас изеу* кинемасы Ә.Кекілбаев шығармаларында бірнеше мағынада қолданылған.

бас изеу I мақұлдау, келісу

-Дұрыс айтасың, балам, -деді *басын изеп* [3-том,250-б]. Хан билерге қарады. Билер де мақұлдай *бас изесті* [3-том,368-б]. –Әлбетте, о не дегеніңіз, –деп қуана *бас изесті* [3-том,376-б].

бас изеу II сәлемдесу

Мәті ақсақал *басын изеп*, амандасқан болды [3-том,307-б]. Тайлан да Әбілқайырды анадайдан көріп *басын изеді* [3-том,230-б]. Адамдардың іс-әрекетін суреттеу мақсатында, кейіпкер характерін ашуда кинесикалық амалдардың атқаратын қызметі зор. Жазушы шығармаларында кездесетін *алақан жаю* кинемасы да бірнеше мәнге ие. Әдетте, алақан жаю арқылы шарасыздық қалып таныту немесе түсінбегенін нақтылау жағдайларында қолданылады. Ал жазушы шығармаларында бұл кинема мынадай мағыналарда жұмсалады.

қолын жаю I бата беру

Түйенің үстіндегі ақ сәлделі кісі алдында жатқан кітапты жауып, *қолын жайып бата қылды* [3-том,186-б]. Жеңіске бата беріліп *қол жайылды* [366-б].

қолын жаю II қайыр сұрау

Қазандықтардың арасында қайдан шыққандары белгісіз, қайдағы бір жұтынған жарлы-жақыбайлар, *қол жайған* қайыршылар қаптап кетіпті [3-том, 186-б].

Ә.Кекілбаевтың сан алуан жағдайларды әсерлі бейнелеу мақсатында кинесикалық омонимдер қорын асқан шеберлікпен пайдаланғанын көріп отырмыз. Қаламгер біліктілігі шығармаларының көркемдік дәрежесін биікке көтерген. Әдетте, кинесикалық омонимдердің қандай мағына беретіндігі вербалды амалдар арқылы айқындалады.

Қорыта келгенде, кинесикалық омонимдер - қарым-қатынас барысында жалпыхалықтық сипат деңгейіне жеткен, орындалу көрінісі біртектес, бірақ ұғымдық қызметі сан алуан амалдар.

3. Кинесикалық антонимдер. Тіл байлығының қайнар көзі көп. Солардың бірі - антонимдер. Егер мағыналары жуық, мәндес сөздерді синонимдер деп атайтын болсақ, антонимдер бұған керісінше, яғни қарсы мәндес сөздер екені белгілі. Ал кинесикалық антонимдер кереғар жағдайларда қолданылатын амалдардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Мысалға *бас изеу* және *бас шайқау* кинемаларын алайық. Бірі - мақұлдау, келісу жағдайларында қолданылатын амалдар болса, екіншісі - келіспеу, құптамау жағдайларында жұмсалатын кинесикалық амалдар. Мысалы, - Дұрыс айтасың, балам, - деді *басын изеп* [3-том,250-б]. – Иван Кириллович, мені Остерман шақыртады дейді. Неге екенін құлағыңыз шалмады ма? Кириллов *басын шайқады* [4-том, 16-б].

Адам бойында кездесетін түрлі эмоциялар, мысалы, қуаныш пен қайғы, қуану мен қорқу, ашу мен сабыр – бір-біріне қарама қарсы сезімдер. Демек аталған құбылыстарды білдіретін амалдар да бір-біріне антоним болып келеді. Мысалы, адам қайғырғанда қабағы түсіп, ұрты салбырап маңдайында әжім пайда болады. Кей кезде шашын жұлып, бетін тырнап, өз басын өзі ұрғылауға дейін барады. Ал қуанғанда керісінше қабағы ашылып, көзі жайнап, езуінен күлкі кетпейді. Қолын шапалақтап, бөркін аспанға атып, секіреді. Төмендегі мысалдарға назар аударайық: –Ақ түйенің қарны жарылды! Ақ түйенің қарны жарылды! – деп *алақанын шапақтап отыр* екен [4-том,101-б]. Соны ойлағанда, *өз бетін өзі тырнағысы, өз шашын өзі жұлғысы,* мынау түк білмегендей тымсырайып тұрған тас қабырғаға өз басын өзі ұрып, мылжа-мылжасын шығарғысы келеді [«Аңыздың ақыры»,151-б.]. Берілген екі мысалдағы белгіленген кинесикалық амалдар бір-бірімен антоним болады. Бір сөзбен айтқанда, жазушы шығармаларындағы қуануды білдіретін кинесикалық амалдар қайғыруды білдіретін кинесикалық амалдармен антоним болады.

Қорыта айтқанда, қарым-қатынас барысында кинесикалық амалдардың күнделікті өмірімізде маңызды рөл атқаратынына Ә.Кекілбаев шығармаларын талдау барысында көзіміз жетті.. Кинесикалық амалдар барлық халыққа тән болғанымен, әр ұлттың кинесикалық жүйесі бірдей емес. Бұл айырмашылық сол елдің тұрмысының, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің, осыған орай халықтың таным-түсінігінің әр басқалығымен сипатталады.

Әдебиеттер:

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. –Алматы: Ғылым, 1970. 335 б.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Алматы,1962. 314 б.
3. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Өлке, Т.3 ,Т.4,1999. 400 б.
4. Геворкян К.У. Кинесический язык: дисс. ...док. филол. наук. Ереван, 1991. 249 б.